

## МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

### Қауіпсіздік шаралары



#### Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемеу электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.

- Құрылғыны қуат розеткасының дәл астына орналастырмау керек.
- Бұл құрылғыны ванналардың, раковиналардың, душтардың, кір жуатын жерлердің немесе бассейндердің қасында пайдаланбаңыз.
- Егер құрылғыны қабырғаға бекіткіңіз келсе, қосқыш пен басқа да басқару элементтерін жуынатын бөлмедегі немесе душтағы басқа адамдар ұстамаулары керек.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны өнім жасаушысы, қызмет орталығы немесе білікті маман ауыстыруы керек.



#### Маңызды!

Мұндай ескертулерді елемеу жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады .

Балалардың осы құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз. Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.

- 3 жасқа толмаған балаларды үздіксіз бақылау болмаған кезде осы құрылғыдан аулақ ұстаңыз.
- 3 және 8 жас аралығындағы балалар құрылғыны тек қалыпты жұмыс істейтін орынға орналастырғанда немесе орнатқанда және олар бақылауда болғанда немесе құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және қауіп-қатер болуы мүмкін екенін түсінгенде ғана іске қосу/ажыратуы керек. 3 және 8 жас аралығындағы балалар құрылғыны розеткаға қоспауы, оны реттемеуі және тазаламауы немесе техникалық күтім көрсетпеуі керек. **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** осы құрылғының бөліктері өте ыстық болуы және күйіп қалуға себеп болуы мүмкін. Балалар немесе әлсіз адамдар бар жерде ерекше назар аударыңыз.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** қауіпсіздік жүйесін байқамай қайта орнатудан туындайтын кез келген қауіп-қатердің алдын алу үшін, бұл құрылғыны сыртқы таймермен іске қосу керек.

- Бұл құрылғыны үздіксіз бақылау болғанға дейін өздері шығып кете алмайтын адамдары бар шағын бөлмелерде пайдалануға болмайды.

 **Күйіп қалу қаупі бар!**

Осы ескертулерді елемеу күйікке себеп болуы мүмкін.

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** шамадан тыс қызуға жол бермес үшін, құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, оның бетін қандай себеппен болмасын жаппаңыз, бұл қауіпті шамадан тыс қызуға себеп болуы мүмкін.
- Ұзартқыш сымды пайдаланбаған жөн, себебі ол құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде қатты қызуы мүмкін.

 **Ескертпе:**

Бұл таңба пайдаланушыға арналған ұсыныстарды және маңызды ақпаратты білдіреді.

- Бұл құрылғыны жуылған киімдерді кептіру үшін пайдаланбаңыз.
- Құрылғы ыстық кезде оның үстіне қуат сымын қоймаңыз.
- Құрылғыға өтпе желдер тимейтін болса, оның тиімділігі артады.
- Қыздырғышты тек тік бағытында пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғыны перделерден және ыстыққа әсерленгіш басқа заттардан кемінде 80 см алыс орналастыру керек.
- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, одан иіс шығуы мүмкін. Термостатты ең жоғарғы параметрге қойып, құрылғыны кемінде 15 минут жұмыс істетіңіз де, бөлмені желдетіңіз. Тасымалдау алдығы қыздыру элементіне жағылған қорғаныш заттың еруіне байланысты аздап түтін шығуы мүмкін.
- Бұл құрылғының астындағы ауа кіру торына заттардың кептелуіне жол бермес

үшін, оны түгі ұзын кілемдерге немесе алашаларға қоймаңыз.

- Құрылғының төменгі жағындағы ыстық ауа шығатын саңылау немесе ауа кіру торы жабылып қалмасын.
- Құрылғыны ол орнатылғаннан кейін де ашаға және розеткаға оңай қол жеткізуге болатындай етіп орналастырыңыз.
- Бұл құрылғыны ауданы 4 м<sup>2</sup> көлемнен аз бөлмеде пайдаланбаңыз.
- Егер құрылғы құлап кетсе немесе ол дұрыс орналастырылмаса, қауіптің алдын алу үшін құлаудан қорғауға арналған шағын құрылғы осы құрылғыны ажыратып тастайды. Құрылғыны тігінен қайта қойған соң құрылғы жұмысын жалғастырады.
- Бұл құрылғы абайсызда шамадан тыс қызып кету салдарынан құрылғыны ажырататын қауіпсіздік құрылғысымен жабдықталған. Ондай жағдайдан кейін ажырату құрылғысын қалыпты күйге келтіру үшін, ашаны қуат розеткасынан бірнеше минутқа суырып қойыңыз, шамадан тыс қызу себебін жойыңыз да, құрылғыны розеткаға қайта жалғаңыз. Егер осы қалыпты емес жағдай бірнеше рет қайталанса, тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.

**CE** Бұл құрылғы мына ЕС директиваларына сәйкес:

- 2006/95/ЕС төменгі кернеу директивасы және кезекті толықтырулары
- 2004/108/ЕС директивасы және электромагниттік сәйкестік (ЭМС) және кезекті толықтырулар.

**СИПАТТАМА**

- A** Ескерту шамы
- B** Термостат
- C** Қуат таңдағыш
- D** Сырғытпа
- E** Таймер

**Жалпы нұсқаулар**

Құрылғыны орамынан шығарыңыз. Тасымалдау барысында құрылғының немесе қуат кабелінің зақымданбағанын тексеріңіз. Зақымдалған болса, қыздырғышты

пайдаланбаңыз.

Құрылғыдағы барлық жарнамалық материалдарды алып тастаңыз. Құрылғы бос қойып немесе қабырғаға орнатып пайдалануға ыңғайлы. Қабырғаға орнатылса, аяқтарын құрастырмаңыз.

### Электр желісіне қосу

- Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын үйіңіздегі желінің кернеуі құрылғыдағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сай екенін және берілетін қуат мәліметтер тақтасындағы белгімен көрсетілген қуат тұтыну (Ватт) мөлшеріне шыдай алатынын тексеріп алыңыз.
- Егер бір уақытта бірнеше құрылғы пайдаланылса, электрлік құрылғының көрсетілген қуат талаптарына сәйкестігін тексеріңіз.

### Еркін қойып пайдалану, аяқтарды бекіту

Жалпы талап етілетін:

Бұрауыш PH2x100 (ұшы айқас)

Айқас басты 2 берілген 3,5x13 өлшемді бұранда (F)

Құрылғыны тегіс бетке қойыңыз.

Аяқтарды орнату үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

- Екі ілмекті саңылауларға енгізіп, ол 2-суретте көрсетілгендей бекітілгенше бұраңыз.
- Екі істікшені тиісті орындарына енгізіңіз.
- Аяқтарды берілген бұрандамен (F) бекітіңіз (3-суретте).
- Қабырғалар мен құрылғы арасындағы ең төменгі арақашықтықты 4-суреттен көріңіз. Бұл өлшемдер желдеткішпен жабдықталған "❄" үлгілерде де, ондаймен жабдықталмаған үлгілерде де көрсетіледі.



**Маңызды!** егер құрылғы қабырғаға орнатылған болмаса, оны ешқашан аяқтарынсыз пайдаланбаңыз.

### Қабырғаға орнату

Қабырғаға орнату құралдар жиынына мыналар кіреді:

жоғарыға орнатуға арналған 2 металл кронштейн (G)

төменге орнатуға арналған 2 металл кронштейн

(H)

Айқас басты 2 дана 3,5 x 9,5 өлшемді бұранда (I)

Айқас басты 4 дана 4,5 x 25 өлшемді бұранда (J)

4 дана 6 x 30 өлшемді қабырға дюбелі (K)

### Орнату және орнатуға кететін уақытты бағалау үшін қажет құралдар

2x100 өлшемді бұрауыш (айқас ұшты)

Орнатуға кететін жобаланған уақыт: 30 минут

Құрылғыны орнатпас бұрын, мыналарды тексеріңіз:

- Бұл құрылғыны розетканың астына тікелей орналастырмау керек.**
- Орнатудан кейін розетка мен ашаға оңай қол жететін болуы керек.**
- Орнату барысында электрлік кабельдерді немесе басқа түтіктерді зақымдап алмау керек.**
- Перделер мен тұтанғыш заттардан аулақ ұстаңыз.**

Қабырғаға орнату үшін мыналарды орындаңыз:

Құрылғыны тегіс бетке қойыңыз.

Екі кронштейнді H 6-суретте көрсетілген I бұрандаларымен бекіту үшін бұрауышты пайдаланыңыз.

1. Қабырғаны теспес бұрын, тесілетін жерді 5-суреттегі ең аз арақашықтықтарды сақтай отырып дәл белгілеңіз.

Бұл өлшемдер желдеткішпен жабдықталған "❄" үлгілерде де, ондаймен жабдықталмаған үлгілерде де көрсетіледі.

2. Белгілен қойған жерді тесіңіз және K қабырға дюбельдерін енгізіңіз. Кірпіш қабырғалар үшін 6 мм кірпіш тескіш бұрғыны пайдаланыңыз.

Гипсті қатырма қағаздан жасалған немесе жалған (іші бос) қабырғалар үшін ұсынылған тиісті бұрандаларды және дюбельдерді (бірге берілмейді) пайдаланыңыз.

3. 2 металл кронштейнді G қабырғаға берілген J бұрандалармен бекітіңіз.

4. Құрылғыны кронштейндерге іліңіз.

5. Төменгі бекіту орындарын кронштейндердегі H тесіктерге сай белгілеңіз.

Құрылғыны алыңыз, төменгі тесіктерді тесіңіз де, қабырғаға арналған K дюбельдерді енгізіңіз.

6. Одан кейін құрылғыны кронштейндерге

іліп, құрылғының төменгі жағын қалған 2 бұрандамен J бекітіңіз.

## ПАЙДАЛАНУ

### Іске қосу және пайдалану

Ашаны розеткаға енгізіңіз және қажет болса, розетка қосқышын іске қосыңыз, термостат тетігін (B) 6-күйге бұрап, құрылғыны қуат деңгейін таңдағыш арқылы (C) былай іске қосыңыз:

- Ескерту шамы (A) жанады.
- Ең төменгі қуатты таңдау үшін қуат таңдағыш тетікті **Min** (Ең төмен) күйіне бұраңыз.
- Орташа қуатты таңдау үшін қуат таңдағыш тетікті **Med** (Орташа) күйіне бұраңыз.
- Ең жоғарғы қуатты таңдау үшін қуат таңдағыш тетікті **Max** (Ең жоғарғы) күйіне бұраңыз.
- Құрылғыны толық өшіру үшін: қуат деңгейін таңдағышты "0" күйіне бұраңыз және термостатты ✖, күйіне бұраңыз, сосын розеткадан ажыратыңыз.

### Термостатты реттеу

Бөлме температурасы қажетті деңгейге жеткен кезде, термостат тетігін (B) сағат тілі бағытына қарсы «сырт» еткен дыбыс шыққанша бұраңыз, бірақ одан әрі бұрамаңыз. Ескерту шамы (A) сөнеді. Термостат температураны автоматты түрде сақтап қалады. Көктемде немесе күзде немесе ауа райы жұмсақ болған күндері сіз төменгі қуатты пайдалану арқылы қуат үнемдей аласыз.

### Қатудан қорғау

Термостат тетігі (B) ✖, күйінде болғанда және қуат деңгейлерінің біреуі таңдалғанда, құрылғы өте аз қуат мөлшерін тұтына отырып, құрылғыны қатудан қорғау үшін бөлме температурасын шамамен 5°C деңгейде ұстап тұрады.

### Желдеткіші бар үлгілер

Бұл құрылғы тез және біркелкі қыздыруға арналған желдеткішпен жабдықталған. Бұл функцияны пайдалану үшін, қуат таңдағышты (C) **Max** (Жоғары) ✖ бағытына бұраңыз.

### 24 сағаттық таймері бар үлгілер

Құрылғы қуат көзіне қосылған кезде, таймер жергілікті уақытпен синхрондалу үшін әрқашан белсенді болады. Құрылғыны таймерсіз пайдалану үшін, таймер сырғытпасын (D) **Off** күйіне орналастырыңыз. Құрылғыны орнатылған уақыттарда іске қосу үшін, таймер сырғытпасын **On** (1-суретте) бағытына орнатыңыз және мынаны орындаңыз:

- Сағаттағы немесе қолсағаттағы уақытты тексеріңіз. Мысалы, ол 10:00 болса, сандық пернетақта дискісін бағдарламалағыш құрылғыны белгіленген көрсеткіш 10 санына тура келгенше бұраңыз.
- Тістерді сыртқа қарай итеру арқылы құрылғыны іске қосқыңыз келген уақыт кезеңдерін орнатыңыз (суретті көріңіз). Әрбір тіс 30 мин. кезеңге қатысты болады. Осы процедура барысында пайдалану кезеңдеріне қатысты бөлікті көруге болады.
- Осылайша құрылғы әр күні осы орнатылған уақыттарда жұмыс істейді. (Маңызды: құрылғы әрқашан қуат көзіне жалғанған болуы керек).
- Параметрді өзгерту үшін, тістерді бастапқы бағыттарына қайтарып, жаңа жұмыс істеу кезеңдерін орнатыңыз.
- Құрылғыны өшіру үшін, қуат таңдағышын "0" бағытына бұраңыз.

### КҮТІМ КӨРСЕТУ

Күтімді көрсету алдында құрылғыны розеткадан суырып, толық суығанша күтіңіз. Бұл құрылғы ерекше күтімді қажет етпейді. Шаңды жұмсақ және құрғақ шүберекпен сүртіп алсаңыз болғаны. Ешқашан қырғыш ұнтақтарды немесе еріткіштерді пайдаланбаңыз. Қажет болса, кір жиналған жерлерді шаңсорғышпен тазалаңыз.

### ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қуат көзі	Мәліметтер тақтасын көріңіз
Қуатты тұтыну	"

### ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі:	өнімдегі таңбалауға қараңыз
Үлгі:	"
Кернеу:	"

Жиілік: “  
Қуаты: “

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

**Қытайда:**

De'Longhi Appliances s.r.l.  
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy  
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.  
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.


Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

**Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап кершілікті және импортер:**

“Делонги” ЖШҚ  
127055 Ресей, Мәскеу қ,  
Сущёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат  
Тел.: +7 (495) 781-26-76



**АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ**

ПРОБЛЕМА	СЕБЕБИ	ШЕШІМІ
Құрылғы жұмыс істемейді	Аша розеткаға дұрыс енгізілмеген немесе розетка қосқышы қосылмаған.  Кез келген кедергінің жоқтығына көз жеткізіңіз.  Қуат деңгейін таңдағыш "0" күйінде.  Термостат тым төмен параметрге орнатылған.  Таймер параметрі.	Ашаны розеткаға енгізіңіз, қажет болса розетка қосқышын іске қосыңыз.  Кедергіні алып тастаңыз, қыздырғыш ашасын розеткадан суырыңыз және құрылғыны салқындатып қойыңыз. Егер бұл проблема қайталана берсе, ең жақын жердегі қызмет орталығымен хабарласыңыз.  Қуат таңдағышты MIN (ТӨМЕН), MED (ОРТАША) немесе MAX (ЖОҒАРЫ)  күйге орнатыңыз.  Термостат тетігін сағат тілі бағытымен қыздырғыш қайта іске қосылғанша жоғарырақ параметрлерге бұраңыз.  Таймердің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз және тілшенің орналасқан жерін тексеріңіз.